Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу шартын тікелей жасау туралы негіздеме

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам», 1-бөлім Жаңа экономикалық саясат: *«Мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін қалыптастыру қажет. Сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы, ең төмен бағаға емес, басымдыққа ие болуы тиіс».*

2022–2024 жылдар аралығында тауарлар мен көрсетілетін қызметтер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен, ашық конкурс арқылы сатып алынды. Алайда тәжірибе көрсеткендей, сатып алынған тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сапасыз болды. Мұны Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында атап өтті.

Көбіне бір реттік және ай сайынғы қызмет көрсететін жеткізушілер байланысқа шықпай, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарлар жеткізді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке залал келтірді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан әрекет етеді. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдыө емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз кәнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабы 1-тармағының 1) тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланатын ақшаны, оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде **Білім беру ұйымының интернет ресурсын басқарудың қолданыстағы жүйесіне жазылымды ұзарту және оны сүйемелдеу қызметін** мемелекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

Директор **Б.Демократұлы**